

СИЛЛАБУС

2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі

«6B05102 Биология, 6B05103 Биотехнология, 6B05105 Генетика, 6B05107 Микробиология, 6B05108 Биомедицина, 6B05109 Нейроғылым, 6B08401 Балық шаруашылығы және оперкәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
MSPZ 1103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Психология)	СӨЖ 4	1,5	0,5		2	БӨЖ саны 6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	ЖБП	Ақпараттық, мәселелік	Семинар	Тест		
Дәріскер (лер)	Адилова Эльнур Темиркановна					
e-mail:	Kaznu17@gmail.com					
Телефоны:	+ 77476318311					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)				
	1-ОН: Тұлғаның мотивациялық және эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде ұлттық сана туралы теориялық білімдерін қалыптастыру	1.1 ЖИ – тұлғаның мотивациялық сферасын теориялық меңгере отырып қажеттіліктер пирамидасын және әртүрлі құрылымдық сызбасын келтіру;				
		1.2 ЖИ – тұлғаның эмоциялық күйлерінің арасындағы өзара байланысты анықтау;				
	2-ОН: Құндылықтар жүйесі және өзіндік анықталу негізінде тұлғаның «психологиялық портретін» түсіндіру	2.1 ЖИ – құндылықтар жүйесін зерттеген психологиялық теорияларды игеру;				
		2.2 ЖИ – өзіндік анықталу түсінігін тұлға психологиясы негізінде қалыптастыру;				
		2.3 ЖИ – құндылықтар жүйесі және өзіндік анықталу түсініктері арқылы психологиялық портрет туралы білімдерді меңгеру;				
	3-ОН: Психологиялық денсаулық және әлеуметтену процесін зерттеу үшін психодиагностикалық әдістерді қолдану	3.1 ЖИ – психологиялық денсаулықтың тұлғалық дамудағы ролін анықтау;				
		3.2 ЖИ – психологиялық денсаулық пен әлеуметтенудің өзара байланысын талдау;				
		3.3 ЖИ – Психологиялық денсаулық пен әлеуметтенуді зерттейтін психодиагностикалық әдістердің тиімділігін ажырату;				
	4-ОН: Тұлғаралық қарым-қатынас психологиясын талдау арқылы қоғамдық сананы жаңғыртуда психотехнологияларды пайдалану	4.1 ЖИ – тұлғаралық қарым-қатынас психологиясы негізінде психотехнологияларды игеру;				
		4.2 ЖИ тұлғалық дамудағы қарым-қатынас пен коммуникацияның айырмашылығын меңгеру;				
		4.3 ЖИ тұлғаның коммуникативті дағдыларды мен коммуникация модельдеріне мысалдар келтіру				
	5-ОН: Тұлғаның мінез-құлық модельдерін талдау арқылы әлеуметтік интеллект және имидж түсініктерін қалыптастыруға бағытталған психологиялық	5.1 ЖИ – конфликт психологиясы негізінде мінез-құлық модельдерін құру;				
5.2 ЖИ – Әлеуметтік интеллект пен әлеуметтік табыстылықтың деңгейлері мен түрлеріне сызба құрастыру;						

	бағдарлама құрастыру	5.3 ЖИ – әлеуметтік интеллект пен имиджді қалыптастыру бағдарламаларын дайындау және жетілдіру
Пререквизиттер	«Мамандыққа кіріспе», «Философия», «Әлеуметтану», «Әлеуметтік психология».	
Постреквизиттер	Тұлға психологиясы және т.б. базалық курстары.	
Оқу ресурстары	<p>Оқу әдебиеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Психология: оқу құралы / С.Қ. Бердібаева, К.К. Сайлинова, Э.Т. Адилова, Ж.К. Айдосова, І.Қ. Қайратова. Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 180 б. 2. Жакыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Алматы, Қазақ университеті, 2012. – 207 б. 3. Жакыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Алматы, Алла прима, 2021. – 207 б. 4. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе, 11-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 ж. – 408 б. <p>Ғаламтор ресурстары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. https://fourminutebooks.com/best-psychology-books/ 3. http://www.psychology.ru 	

Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айкындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «<u>Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері</u>», «<u>Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары</u>», «<u>Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі</u>» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail Kaznu17@gmail.com арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p>МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p>Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
-----------------------------------	--

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндігі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға
			Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі.

A	4,0	95-100	Өте жақсы	Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.	
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады	% мәндегі баллдар Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді. <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u>
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық	Дәрістердегі белсенділік	5
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл***
МОДУЛЬ 1 Тұлғаның мотивациялық және эмоциялық әлемі			
1	Д 1. Тұлға психологиясындағы тұлға және ұлттық сана мәселелері.	1	5
2	Д 2. Тұлғаның мотивациялық сферасы	1	5
3	Д 3. Тұлға дамуындағы эмоциялар және эмоциялық интеллектінің маңыздылығы	1	5
	СОӨЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.	-	-
4	Д 4. Стресс-менеджмент және өзін реттеу психологиясының негізгі мәселелері	1	5
	СӨЖ 1. Психологияның басқа ғылымдармен байланысын ашатын логикалық сызба құрастырыңыз		22
5	Д 5. Тұлға құрылымындағы темперамент, мінез және қабілет	1	5
	СС 5. Тұлға психологиясындағы негізгі мәселелер (ұлттық сана, мотивация, стресс-менеджмент, эмоциялар және эмоциялық интеллект)	2	10
	СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру.	-	-
6	Д 6. Тұлға дамуындағы құндылықтар және құндылықтарға бағдарлану	1	5
	СӨЖ 2. Мотивация теорияларына талдау жасаңыз		23
7	Д 7. Әлеуметтік өзіндік және кәсіби өзіндік анықталудың психологиялық ерекшеліктері	1	5
	СС 7. Темперамент типтері бойынша тұлғаның психологиялық сипаттамаларын бағалау. Тұлға дамуындағы құндылықтар және құндылықтарға бағдарлану	2	10
	СОӨЖ 3. Коллоквиум (бақылау жұмысы, тест, жоба, эссе, жағдаяттық есеп және т.б.).	-	-
АБ 1			100

8	Д 8. Психологиялық денсаулықты зерттеудің теориялық мәселелері	1	5
9	Д 9. Қарым-қатынас процесінің психологиялық ерекшеліктері	1	5
	СС 9. Қазіргі жаңа замануи қоғамдағы кәсіби анықталудың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін талдау арқылы өзіндік анықталудың жоспарын жасау. Психологиялық денсаулықты зерттеудің теориялық мәселелері	2	5
10	Д 10. Тұлғааралық қарым-қатынас тұлғалық дамудың негізі ретінде	1	5
	СОӨЖ 4. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру.	-	-
11	Д 11. Тұлғаның коммуникативті дағдылары және коммуникация модельдері	1	5
	СС 11. Қарым-қатынас психологиясы. Тұлғаның коммуникативті дағдылары және коммуникация модельдері	2	5
	СӨЖ 3 Қарым-қатынас кезіндегі әлеуметтік-психологиялық әсер ету амалдарына талдау жасаңыз.		22
12	Д 12. Тұлғааралық қарым-қатынастағы сандық (цифрлық) технологиялар және іскерлік қарым-қатынас.	1	5
13	Д 13. Мінез-құлық модельдері және конфликтілік мінез-құлықтың ерекшеліктері	1	5
	СС 13. Тұлғааралық қарым-қатынастағы сандық (цифрлық) технологиялар және іскерлік қарым-қатынас. Мінез-құлық модельдері және конфликтілік мінез-құлықтың ерекшеліктері.	2	6
	СОӨЖ 5. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру.	-	-
14	Д 14. Әлеуметтік интеллект және әлеуметтік табыстылықтың психологиялық ерекшеліктері	1	5
	СӨЖ 4. Имидж құру механизмдері, қалыптасу кезеңдері мен жағымды имидж қалыптастырудың техникаларына талдау жасаңыз.		22
15	Д 15. Тұлғаның имиджін қалыптастырудың психотехнологиялары	1	5
	СОӨЖ 6. Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру.	-	-
АБ 2			100

Декан _____ Б.Б. Меірбаев

Кафедра меңгерушісі _____ А.К. Мынбаева

Дәріскер _____ Э.Т. Адилова

